

пайдалану кезінде әр балаға "шебер", "ыдыс бояушы", "тігінші", "зергер" т. с. с. рөлдері бөлініп берілсе, балалар үшін одан сайын қызықты болмақ.

Сәндік әшекей, ою–өрнек жасау әрекеті үрдісінде балалардың табиғат туралы білімдерін бекіту үшін, жоғарыда аталған әдістермен қатар арнайы түсірілген слайдтар, диафильмдер мен кинофильмдерді ұжымдық көруді ұйымдастыруға болады. Мектепке дейінгі жаста балаларды табиғат заттары мен құбылыстарының элементтері туралы түсінік беруге негізделген сәндік–ою–өрнек жасау үрдісіне қатыстыру, тарту – олардың сезім мәдениетінің жетілуіне едәуір ықпалын тигізеді. Сондай–ақ анализаторлардың жетіле түсуі, сезімдік тәжірибенің қорлануы, балалардың логикалық ойлауын, зейінін, тілін ширатып, байқампаздық пен қызығушылық қасиеттерін қалыптастырады.

Жалпы алғанда осындай нысаналы, жүйелі тәсілдер арқылы балалардың көркемдік тәрбиесін жолға қоя отырып, адамгершілік қасиеттерін, жан дүниесінің баюын, көркемдік талғам мен шығармашылық қабілеттерін оятуға мүмкіндік туары кәміл.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана: Жеті Жарғы, 2007. –15 б.
2. Керімбаева Р. Табиғат. Бала. Тәрбие // Отбасы және балабақша. – 1997. - № 1. – Б. 50 – 52.
3. Қоқанбаева Р. И. Эстетикалық тәрбие беру. // Отбасы және балабақша. – 2006. № 5. – Б. 20 – 22.
4. Эстетическое воспитание и развитие детей дошкольного возраста. Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / Е.А. Дубровская, Т.А. Казакова, Н.Н. Юрина и др. Под ред. Е.А. Дубровской, С.А. Козловой. М., издательский центр «Академия». 2002 – 256 с.
5. Эстетическое воспитание в детском саду: Пособие для воспитателей дет.сада / Под ред. Н.А.Ветлугиной. – М.: Просвещение, 1995. – 215 б.
6. Әбілова З. Мектепке дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру. – А., 1972.–200 б.

УДК 372. 3

СЕРУЕНДІ ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Бектемісова А.Ө.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық–саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын жалпы орта білім беру мектептерінің мектепке дейінгі балаларына саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын тәрбиелі тұлға етіп қалыптастырудағы атқарар рөлі зор екені даусыз [1].

Ел Президенті «Қазақстан – 2030» бағдарламасында табиғат жағдайының қиын кезеңде тұрғанын нақты атап өтіп: «...экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің жиырма пайызына себеп болып отыр. Қоршаған ортаны ластаушыларға берік тосқауыл қойылу қажет», – деген болатын. Бұл мәселенің тиімді шешілуі мектепте мектепке

дейінгі балаларға экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы олардың экологиялық тәрбиеін қалыптастыру барысында мүмкін болатыны анық [2].

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да соңғы республика көлеміндегі мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш сыныптардағы экологиялық тәрбие жұмысы бұрынғы қалыптасқын бағдарламадағы «Балаларды табиғатпен таныстыру» бөлімінен бастау алады. Ал табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Кейінгі он жылдықта мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларының тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау – экологиялық тәрбие жұмысымен ұштастырылды.

Серуен – әр күн тәртібіндегі орны ерекше шара. Табиғат бала санасында терең із қалдыра отырып, оның сезімінің көптүрлі, ашық болуын қамтамасыз етеді. Бала табиғат дыбыстарын тыңдай отырып, өзін жаңалық ашқыш жан ретінде тануына көмегін тигізеді. Ол шегірткенің, торғайдың шырылын естіп, қардың ұсақ ұлпалардан, таңғажайып суреттен тұратындығын өзі ғана бірінші сезгендей, ал бұлбұл құс тек өзіне ән салып тұрғандай қабылдайды [3].

Табиғатпен таныса жүріп, бала байқампаз, сақ, аңғарымпаз болуға үйренеді. Сәбимен жануарлар мен өсімдіктер туралы, машиналар мен адамдар туралы, ауа–райы құбылыстары туралы сөйлесе жүру керек.

Балабақшадағы серуен күн тәртібінің бір бөлігі болып табылады. Ол негізгі бес бөлімнен тұрады: бақылау, жеке жұмыс, қимылды ойын, табиғаттағы еңбек және дербес (еркін) ойындар. Бес бөлім бірін–бірі толықтырады. Серуен арқылы балаға айнала қоршаған орта туралы толық мағлұмат беруге болады. Бала ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып білімін жетілдіреді, өзі үшін жаңалық ашады.

Балабақшада серуен дайындықсыз өткізілмеуі тиіс. Олар танымдық мақсатқа құрылып, қызықты өткізілуі керек.

Тәрбиеші жоспарлау барысында ақпараттық материалды кеңінен қолданғаны жөн. Олар төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс:

– балалардың ой–өрісін кеңейту;
– алған білімді ойын және ауа–райын дербес бақылау уақытында қолдана білуге үйрету;

– шығармашылық қиялын, фантазиясын, есте сақтауын, зейінін, тілін дамыту;

– табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қолдау;

– ересектер мен серіктерін мұқият тыңдай білуге тәрбиелеу;

– туған табиғатты сүюге тәрбиелеу;

– алғашқы экологиялық түсініктерін қалыптастыру [4].

Кез–келген серуен балалардың түрлі іс– әрекеттерінен, атап айтқанда бақылау, жеке жұмыс, қимыл–қозғалыс және дидактикалық ойындар, еңбек, дербес ойыннан (немесе әрекеттен) тұрады.

Серуенді ұйымдастыруда төмендегі жағдайларға көңіл аудару керек.

1. Жер үлескісінде ойындар ұйымдастыруға жағдай жасау

2. Серуенді балалардың денсаулығына нығайтудың ең маңызды құралы ретінде кеңінен қолдану.

3. Балалардың киімі мен аяқ киімінің ауа–райына сай болуы.
4. Балаларға жекелей ықпал ету (әлсіз, шапшаң, қозғалысқа аз түсетін)
5. Балалардың қимыл–қозғалысы әрекетін тыныш әрекетпен іскер реттей алу.
6. Балалар өмірімен денсаулығын қорғау техникалық қауіпсіздіктің талаптарын сақтау.

7. Серуенді өткізу деңгейін көтеруде:

- а) серуенге бөлінетін уақытты азайтуды болдырмау;
- ә) серуеннің құрылысын сақтау;
- б) баланың үнемі бос болмауын ұйымдастыру қажет.

Табиғатпен байланыс, ойластырылған байқауларды, серуендерді, әңгімелерді ұйымдастыру – экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қою мен қажетті нәтижені алудың кілті. Сондықтан тәрбиешілердің балалармен жүргізетін негізгі жұмыстары табиғат аясында өтеді; бақшалар ауласында, қысқы бақтарға, саябақтарға саяхаттар жасайды.

Табиғат аясында болғанда балалардың бойында адами тұлғаның баға жетпес қасиеті қалыптасады, ол – байқау, қадағалау. Сол себепті, біз баланың бойында біліктілік, танымдық қасиеттерін тиісті мерзімде қамтамасыз етуіміз өте қажет деп есептейміз. Жеңілден ауырға қарай іс–әрекеттерінің мәселелерін аңғартып, кез–келген құбылыстардың барлық қиындықтары мен көпқырлылығын көрсетуіміз керек.

Серуендерді өткізгенде дидактикалық, қозғалыс, танымдық, сюжеттік ойындарға аса маңызды көңіл бөлінеді.

Табиғат аясында өткізілетін сабақтар балаларға қатты ұнайды. «Жүз рет естігеннен де, бір рет көрген артық» деген сөз бар, ол тегін айтылмаса керек. Объектілерді немесе басқа да құбылыстарды байқау, тікелей қадағалау мен табиғатты аялаудың мәні зор. Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, балалардың орман ішіне серуенге шығуы, құстардың шикылдаған дауыстары, самал желдің дауысы естіледі. Сиқырлы серуенде ойламаған жерден қиын жағдайлар болып қалады да, табиғатқа көмек көрсету керек болады. Ондайда балалар ойланбастан көмек беруге асығады [5].

Күнделікті өмірдегі тәжірибеде балалармен мына жұмыстың түрлерін кеңінен қолданамыз: күнтізбе бойынша табиғатты байқау, тірі табиғат бұрышына кезекшілікті ұйымдастыру, театрланған көріністі көрсету, тақырыптар бойынша альбомдар құрастыру.

Біздің жұмысымызда балалардың шығармашылығына көп көңіл бөлінеді.

4–5 жастағы балалар бойында өсімдіктердің, жануарлардың көп түрлілігі туралы, сонымен қатар табиғат маусымдары, өзгерістерді рет–ретімен ауысып келіп отыратынын айтып, ұғындырылады. Жыл мезгілдерінің бір–бірінен айырмашылығы барын көріп білуге үйрету.

Жан–жануарлар туралы көз–қарастарын қалыптастыру: танып білуге үйрету, дене мүшелерін, түр–түсін, қозғалысын, дыбыстауын, немен қоректенетінін, келтіретін пайдасын айтып түсіндіру. Еңбек дағдысын қалыптастыру, еңбектің мәнін түсіндіру, еңбектің нәтижесі туралы талдаулар жасау, өз беттерінше бөлме ішін тазалау және табиғат бұрышының жәндіктерін күтуге үйрету [6].

Табиғат және жан–жануарлар туралы әңгімелер оқу.

Табиғат жайлы суреттерді, слайдтарды, көріністерді көрсету, саяхаттар ұйымдастыру.

Табиғат құбылыстарының себепті–тергеулі байланыстарын нақтылауға үйрету.

Тірі организмдердің елеулі белгілерін таба білуге және оларды өмірдегі жағдайға, жекелеген органдардың құрылымы аралығындағы байланысты белгілеу үшін пайдалануға үйрету.

Қорғалатын өсімдіктер мен жануарлар туралы көзқарастарын қалыптастыру.

Адам өміріне қажетті ормандар, тоғайлар, топырақтар туралы балалардың ұғымдарын кеңейту және бекіту.

Белгіленген маусымда табиғатты қоршаған ортаның өзгерістерін бақылай отырып, табиғат күнтізбесін тұрақты жүргізуге үйрету. Байқаудың нәтижелерін суретпен кескіндеуге бейімдеу, себебі соңындағы қорытынды жасау әңгімесінде осы маусым жайында байқағандарын әңгімелегенде естеріне түсіруге де қолайлы.

Табиғат бұрышының тазалығын сақтауға, бөлме ішінде өсімдіктерді күтуге, олардың атауларын білуге, су құйып отыруға, жапырақтарын сүртуге, топырақтарын қопсытып отыруға үйрету. Ауырлау жұмыстарға да баулу : жемістер мен көкөністерді жинау және қысқа дайындау (сорттап бөлу және жуу). Құрғақ бұтақтарды кесу, ағаштар мен бұталарды отырғызу, шұңқырларды қазып, ағаштардың жан-жағына топырақтар салу т.б. Жыл мезгілдерінің барлық түрлерінде саяхаттарға шығу [5].

Мектепке дейінгі мекемелерде экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты: Балалардың тірі табиғат туралы ұғымдарын кеңейте отырып, тірі организмдердің қоршаған ортамен байланысын, өмір сүру заңдылықтарын білу.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие міндеттері:

–Экологиялық білімді тереңдету, кеңейту.

–Өсімдіктер мен жан-жануарлар туралы түсініктерін кеңейту.

–Табиғаттағы өзгерістерді байқау, салыстыру, талдау.

–Табиғаттағы тіршілік иелерінің байланыстарын білу.

–Туған өлке табиғатын сүю.

–Экологиялық тәрбие негізінде танымдық, шығармашылық, белсенділік дағдыларын арттыру.

Балабақшада мемлекеттік стандартқа сай жоспарлай отырып экологиялық тәрбие берудің сан –салалы жолдары, түрлері, әдіс–тәсілдері жетерлік.

Атап айтсақ:

1. Ұйымдастырылған оқу іс–әрекеті.

2. Экскурсия сабақтар, экологиялық сабақтар.

3. Мерекелік шаралар.

4. Бос уақыттарда кітаптар оқу.

5. Көрме, бұрыштар ұйымдастыру.

6. Балабақша ауласын көгалдандыру, балалар еңбегі.

7. Бақылау жасау, тәжірибелер жасау.

8. Экологиялық ойындар ойнау [6].

Бағдарламада балаларға экологиялық тәрбие беру мақсатында көптеген пәндер арқылы сан түрлі қарастырылған. Мысалы: Көркем әдебиет арқылы күз, қыс, жаз, көктем мезгілдеріне сәйкес бірнеше «Күз», «Жаңбыр», «Көктемгі күн», «Жазғы күн» сияқты тақырыптар арқылы балаларға жалпы білім мен қатар экологиялық тәрбие берілсе, ол әрмен қарай мерекелік шаралармен ұштасып, білім мен таным өзара үйлесімде нақтылана түседі. Сол арқылы зор таным, дүние танудың алғашқы баспалдағы қаланады. Баланың тілін ұстартып, ақыл– ойын, адамгершілігін қалыптастыруға мүмкіншілік туады. Сонымен бірге тіл дамыту, еңбек, бейнелеу өнері пәндер аясында да тақырыптарға сай ұйымдастырылған оқу іс–әректі барысында балаларға экологиялық тәрбие беруге болады.

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы зор. Өйткені, табиғаттың таңғажайып құбылыстарымен таныстыру, олардың мән–мағынасын ұғындыру арқылы жас жеткіншектерді жан–жақты тәрбиелеу– нақтырақ айтқанда баланың қабылдауын, зейінін, ойын, тілін дамытудың басты құралы.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана: Жеті Жарғы, 2007. – 15 б.
2. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстан – 2030». – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 136.
3. Құсайынов А.Қ. Экология және табиғат қорғау. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 б.
4. Ақыпбекұлы Ө. Экологиялық әліппе. Алматы кітап баспасы, 2010. – 54 б.
5. Зерщикова Т., Ярошевич Т. Экологическое развитие в процессе ознакомления с окружающим // Дошкольное воспитание. – 2005. – № 7. – Б. 65 – 71.
6. Гончарова Е.В. Экологическое воспитание старших дошкольников // Воспитание личности дошкольника, – № 2. 1993. – Б. 50 – 55.
7. Манкеш А.Е. Табиғатты бағала да аяла. – Алматы: «Алматы кітап баспасы» – 2000. – 215 б.

УДК 15

ВЛИЯНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ ДОУ НА РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДЕТЕЙ

Велигорская М.Г.
(СКГУ им.М.Козыбаева)

В настоящее время в жизни общества происходят глубочайшие изменения. Утраченные со временем народные традиции любовь к Родине, уважение к обычаям, народному искусству, потеря народных корней, привела наше общество к черствости, конфликтам с народами других национальностей у подрастающего поколения. Поэтому стало необходимым создание новой модели взаимодействия ребенка с окружающим миром: формирование любви к казахстанской цивилизации и толерантного отношения к другим народам, их быту и культуре. Все чаще и чаще мы возвращаемся к лучшим традициям нашего народа, которые связывают жизни нескольких поколений, объединяют прошлое, настоящее и будущее. Поэтому поликультурное воспитание стало опять занимать центральное направление в работе с детьми дошкольного возраста.

Педагоги детского сада остановились на одном из направлений в данной работе – это развитие речи детей дошкольного возраста средствами устного народного творчества, так как именно через него ребенок не только овладевает родным языком, но и, осваивая его красоту, лаконичность, приобщается к культуре своего народа, получает первые представления о ней. Устное народное творчество концентрирует в себе весь опыт человечества, несёт в себе все формы общественного сознания, включает в себя огромное количество информации, устанавливает преемственность между прошлым и современностью.

Для того, чтобы достичь результатов в работе с детьми дошкольного возраста в вопросах воспитания и обучения необходимо теснейшее взаимодействие с семьей. В группах необходимо оформить родительский уголок «Учите вместе с нами», определить и разработать направления работы с родителями: информационно – аналитическое, познавательное, наглядно – информационное, досуговое, проведено анкетирование.

Традицией нашего детского сада стал выпуск в начале учебного года «Семейной газеты». Педагоги разрабатывают макет листа газеты, а родители вместе со своими детьми наполняют его содержанием. Эти газеты используются в течение года в работе